

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ АУЫЗША ТАРИХЫ – ТАРИХИ ДЕРЕК РЕТІНДЕ

Анасова А.Б., Нұрғалиева Г.Т.

Фольклор тарихты түсінуге көмектеседі, бірақ фольклордың тарихи бастауын және оның генезисі мен даму заңдылықтарын түсіну үшін халықтың төл тарихын білу керек. Негізінде фольклор шығармаларынан алынған мағлұматтар мен бақылаулар әр жағдайда зерттеудің аргументтік күшін арттырып, жұмыста қосымша материал ретінде қызмет атқарады. Фольклор материалдарының ең маңызды функциясы көшпелі және жазу-сызусыз уақыттағы халықтың этногенетикасы жөнінде айтылатындығы.

Қазақ тарихын жазуда фольклор деректерінің маңызы айрықша зор екенін кезінде Е. Бекмаханов атап өткен: "Тарихи ірі оқиғалар ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырған халықтың ауызша шығармашылығы: дастан, өлең, қисса, батырлар жыры, ертегі, аңыз т.б. арқылы қазақ халқының есінде сақталған. Осы фольклорлық материалдарда қазақтардың қоғамдық және әлеуметтік құрылысы, тұрмысы мен әдет-ғұрпы және ақырында, халықтың өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғалар айқын бейнесін тапқан" - деп жазған болатын [1, 37]. Е. Бекмаханов өзі пайдаланған фольклорлық жанрлардың қатарында тарихи жырларды да атаған [1, 36]. Демек, тарихи жырлар-бұрмаланып келген тарихымызды шынайы қалыпқа келтіру үшін аса қажет деректердің қайнар көзі [1, 43].

Тарихи жырлар – қазақ фольклорының тереңірек зерттеуді қажетсінетін саласы. Танымдық-тәрбиелік мәні өте зор бұл жанр үлгілерінің жартысынан астамы күні бүгінге дейін жарияланбай, зерттелмей келуі – елеулі олқылық. Жетпісінші жылдардың соңына дейін тарихи жыр жөніндегі зерттеулер қазақ әдебиетінің жалпы тарихы туралы жазылған оқулықтардың жекелеген тарауларымен шектеліп, олар арқылы білдірілген ақиқат цензура белгілеген мөлшерден аспады. Баспа бетін тек таптық, халықтық көзқарастарға сай келеді деген мәліметтер ғана көрді. Осының бәрі тарихи жырды танып-білу ісінің ақтаңдақ беттерін көбейтті.

Тарихи жырлардың кезек күттірмей қолға алуды қажет ететін мәселелері-аталған жанрдың тарихилығы мен типологиясы жөніндегі тереңдетілген зерттеулер.

Бұндай қажеттілік, біріншіден, тарихи жырлардың нақты өмір шындығына, өзге эпос түрлеріне қарағанда, біртабан да болса, жақындау тұратындығынан туындайды. Шоқан қазақ халқының ауыз әдебиетін «өз қоғамы өмірінің сенімді очеркі» [2, 43] деп дұрыс бағалап, тарихи зерттеулерінде білгірлікпен пайдаланғаны белгілі.

Тарихи жырларда өмір шындығы қалай бейнеленгенін талдау Есім хан заманындағы оқиғалар туралы үш жырды қарастырудан басталады. Бұлардың бірі – «Еңсегей бойлы ер Есім» атты кезінде М. Әуезов ерекше атап өткен, Ә. Марғұлан «ең ғажайып әңгіме – Қазанғап ақын жеткізген "Еңсегей" деген тарихи жыр», – деп, [3, 43] таныстырған жыр. Байқап отырғанымыздай, Кеңес Одағының кезінде бұл жырды зерттемек түгіл тура атаудың өзі қауіпті болған. Ол жөніндегі осы кезге дейінгі зерттеу Ә. Марғұланның кітабындағы бір бетпен шектеліп келуі де сондықтан.

Жыр басында Шыңғыс хан туралы аңыз кездеседі. Онда Шыңғыс ханның Іле бойында өмір сүрген қазақ ханының жиені, пәк қыздың бойына күннің нұры арқылы пайда болған қасиетті жан екені, кейіннен Шыңғыстың шешесі Есукей баһадүрге әйел болғаны, өзімен шешесі ортақ, әкесі бөлек тоғыз ұлдан қысым көрген болашақ ұлы билеуші елден кетіп, хан тағына отырғанға дейін Іленің бойында жалғыз өмір сүргені, монғолдардың хан таңдау сынағында жеті жебесін сағымға іліп, хан болғаны, оны жаяу жүргізбеу үшін бір ұста дүниедегі тұңғыш арбаны жасағаны, сондықтан "арбалы" деген мағынаны білдіретін "Қаңлы" деген атақ алып, қызметінің арқасында зор мәртебеге қол жеткізгені де айтылады. Осы оқиғаның белгісі ретінде Қаңлы руының арасында айтылатын мақалдар келтіріледі. Мұны Ә. Марғұлан да растайды. Жырдың осы тұсында Қаңлы жұртының өкілдері Шыңғыс ханның немересі Алақудың шапқыншылығынан Бағдатты қорғап қалып, Бағдатты билегені, олардың ұрпақтары Түркияға патша болғаны жөнінде де баяндалады.

Монғолдың құпия шежіресінде «Есукейдің Шыңғыстың шешесі – Өэлин-өжинге бас-тапқы атастырылған жігітінен тартып алу арқылы үйленгені, осы некенің нәтижесінде

Шыңғыс, оның үш інісі, бір қарындасы дүниеге келгені, Есукейдің екінші әйелінен тағы да екі ұлы болғаны, Есукейдің Шыңғыс тоғыз жасқа келгенде қайтыс болғаны. Шыңғыстың таққа таласқан аталас туыстарынан, әкесімен жауласқан өзге рулардан қуғын көрген кездердегі ең сенімді серіктері бір әке, екі шешеден туған бауырлары болғаны жазылған. Бұған ұқсас мәліметтер Қадырғали Жалайыр, Әбілғазы шежірелерінде де жазылған. Шыңғыс ханның биік дәрежеге жырда айтылғандай ертегіде ғана кездесетін жеңілдікпен емес, азапты күрес жолын бастан кешіре отырып қол жеткізгені жазба деректің бәрінен аңғарылады. Жырдан қазақ халқының Шыңғыс ханды, оның жерімізді жан түршігерліктей қаталдықпен басып алғанына қарамастан, қастерлей еске алып отырғанын байқаймыз. Шыңғыс ханның өзге аңыздарда да, Қадырғали Жалайырдың шежіресінде де дәріптелуіне қарап, біз аталған тарихи тұлға мен оның ұрпақтары тұсындағы бір орталыққа бағынған қуатты мемлекеттің құрамында болған дәуір өзінің ешкімнен қорлық көрмейтіндей дәрежеде өмір сүрген заманы екенін қазақ халқы дұрыс пайымдаған деген қорытындыға келдік.

Жырды оқи отырып, оны жырлаушы Қазанғап ақынның тек ауызша тарихнамаға ғана емес, Төле би, Шәкәрім, Әбілғазы және тағы басқалар жазған шежірелерге де қанық екенін байқаймыз. Жырдағы сілтемелер жыршының ештеңені ойдан шығармағанын, өзіне мәлім дерек көздеріне сүйенгенін аңдатады.

Жырдың келесі тарауында Тәуекел хан туралы сөз болады. Тәуекелдің он сегізде хан болғаны, қырыққа жасы жеткенде, бір шегі Еділ, Жайық, Кавказға, екінші шегі Жаркент, Құлжа мен Томск, Ауған, Бұқарға дейін созылып жатқан жерді мекендеген есепсіз көп халыққа билік жүргізгендігі айтылады.

Қазіргі кездегі көптеген тарихшылар Есім хан 1628 жылы, Тұрсын хан өлгеннен кейін бір жыл өткен соң қайтыс болды деп ойлайды. Ал жырда Есім ханның Тұрсын хан өлгеннен кейін көп жыл алаңсыз өмір сүргені айтылады. Бұны Есім ханның 1636 жылы тірі болғанын атап өтетін Шоқан да, «Есім ... 1643 жылдың сәл-ақ алдында өлген деп шамалауға болады», – деп жазған» [1, 43]. М. Тынышбаев та, Батур қонтажының 1643 жылы Есім ханға қарсы жорыққа аттанғанын көрсететін ойрат дерегі де [4], Шоқан еңбектеріндегі: «Есім хан

1645 жылы қайтыс болды» [5, 43], – деп жазылған ғылыми түсінік те қуаттайды.

Абылай туралы жырлардың тарихилығы да күрделі мәселе. Абылайдың ата тегі, балалық шағы туралы сюжеттер біріне-бірі кереғар сипатта. Шоқан еңбектерінде, тағы басқа деректерде Абылайдың әкесі – Көркем Уәли, ағасы – Қанішер Абылай, олар Түркістанда тұрған. «Абылайдың атасы мен әкесі Ташкентті мекендеген» [6] – деп жазады. Аталған жырдың Шәдінікі делініп жүрген нұсқасында Абылайдың әкесі – Әбілпейіз, ағасы – Сұбқанқұлы. Енді бір жырда Абылайдың әкесі – Әбілмәмбет.

Абылайдың әкесі делінген Әбілпейізді Нәдіршахтың өлтіргені туралы жыр жолдарын да ресми тарих деректері қуаттамайтынына кеңінен тоқталуға тура келді. Абылайдың балалық шағы жөнінде баяндауларда да, кісі аттарында да айырмашылықтар кездеседі. Абылайдың ұйқының кесірінен қалмаққа тұтқын болғаны баяндалады. Тарихшылар еңбегіне қарағанда, барлаушы жасақты басқарып жүрген Абылай жаудың негізгі күштеріне тура кездесіп қалады [6] Шәді нұсқасында да осындай сюжет кездеседі. Абылаймен бірге тұтқындалған батырлардың аттары әр нұсқада әр түрлі.

XIX ғасырда дүниеге келген, қазақ халқының ұлттық-азаттық қозғалыстарына арналған тарихи жырларды қарастыра отырып, оларды талдай алмаймыз, өйткені XIX ғасырдағы тарихи әндердің сюжеттік негізін тереңірек талдау үшін қазақ халқының аңыз-жырларының не екенін жалпы түсінуіміз қажет. Біздің пікірімізше, мұндай жалпылама топтастыру жұмысын Ә. Марғұлан жасаған, ол батырлар жырларын Еуразия көшпенділерінің өміріндегі тарихи-сабақтастық өзгерістерге сәйкестендіріп бес кезеңге бөлген. «... Қазақ халқының тарихындағы бесінші кезең жаппай халықты қанаушыларға (хандарға, сұлтандарға және патшалыққа) қарсы күрескен қазақ батырларына байланысты. Бұған Исатай мен Махамбет, Бекет-батыр, Кенесары мен Наурызбай, Жанғожа және т.б. туралы батырлар әндері жатады. Бірақ аталған барлық әндерді тарихи әндер қатарына да жатқызу қажет, өйткені мұндағы қаһарлы оқиғалардың эпизоттары әлі аңыз тұрғысынан сипатталмайды» [7, 80–81]. Сонымен, дала өркениеті көшпенділерінің батырлар жырларының сюжеттік негізі болып оқиғалардың тарихилығы табылады. Соған сәйкес XIX ғасырдағы аңыз әндерінде

сенімді тарихи түпнұсқа ретінде қарауды қажет ететін, шынайы тарихи оқиғалар бейнеленген, сондықтан да оларды тарихи батырлар жыры деп атауға болады. Тап сол XIX ғасырдағы тарихи батырлар жырларының сюжеттік негізінде болашақ тарихи-эпическі оқиғалар нұсқаланған. Одан бұрынғы кезеңдердегі аңыз әндерді де өз заманының тарихи әндері болған деп болжам жасауға да болады. Мысалы, В. Радлов тарихи әндер мен батырлар жырларын қарастыра отырып, оларды бөлмеген, халықтың тарихында нақты өмір сүрген қазақ батырлары туралы айтылған сөз үлгілері деп есептеген.

Тарихи әндер, Исатай-Махамбет, Бекет-батыр, Кенесары-Наурызбай, Жанғожа батыр және т.б. туралы аңыздар «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қобланды», «Едіге», «Қанжығалы Бөгембай», «Сүйіндік Олжабай» және басқаларындай батырлар жыры болып табылады. Бірақ соңғыларымен салыстырғанда, XVIII–XIX ғасырлардағы тарихи әндерге аңызды-эпическі сюжеттер енгізіліп жетіспеген. Аңызды уақыт тұрғысынан алғанда, тарихи әндер жақын арада ғана пайда болған. Жазба түпнұсқалардың болуы аңыз өлеңдер мен жырлардың шыншылдығын дәлелдейді. Тарихи әндер мен батырлар жырларының негізінде Еуразияның сабақтастық-уақыттық кеңістігіндегі түрлі тарихи дәуірлері бар және оларда мемлекетті қорғау идеологиясы алға қойылған, тарихи-эпическі шындық жатыр.

XIX ғасырдағы тарихи фольклордың деректерінің ішінен бізге жеткендері және сандық, сапалық құрамы бойынша ең қомақты болып табылатындары Кенесары Қасымұлы мен Жанғожа батыр жетекшілік еткен қазақ халқының ұлттық-азаттық қозғалыстарына арналған тарихи әндер мен жырлар. Кенесарыға, Наурызбай батырға, Ағыбай батырға, Жанғожа батырға және т.б. арналған жырларда да әсірелеу сюжеттері, әрине, кездеседі және оларды тарихи оқиғалардан айырып алу оңай.

Жоғарыда айтып кеткендей, тарихи фольклорда да қазақ халқының XIX ғасырда басынан кешкен аса ірі тарихи оқиғалары көрсетілген. Мысалы, мұндай шығармаларда Кенесары әскерінің саны туралы статистикалық деректер жоқ – «Кенесары қалың қолмен», «Ағыбай бір топ жігітпен», «көп әскермен» және т.с.с деп жалпылама бейнеленеді. Мүмкін, Кенесары әскерінің саны әр жылдары әр

түрлі болғандығына да байланысты шығар. Ал бірқатар шығармаларда керісінше, бірнеше қолбасшылардың аттары аталады, адам саны көрсетіледі.

Тарихи оқиғалармен бірге «Ағыбай кескен Құмбел», «Кілем жайған», «Байтабын соры» және басқа да сол кезде орын алған оқиғаларға байланысты топонимикалық атаулары, жерлері туралы нақты деректер де беріледі. Халық арасында топонимикалық белгілер негізінде шынында да сол жерлерде орын алған оқиғаларға байланыстырылады. Осы атаулардың түбінде аталған географиялық кеңістіктерде болып өткен маңызды тарихи оқиғалардың жатқанын түсіну қажет. Біздің ойымызша, бұл дегеніміз халық жадында тарихи оқиғаларды сақтап қалуға көмегін тигізетін, ақпаратты кодтау әдістерінің бірі болып табылады.

Тарихи фольклорда осы тәсілмен кеңістік шекаралар ғана белгіленбейді, сонымен қатар бір термин толық тарихи дәуірлерді қамтиды. Бұл да тарихи фольклордың шыншылдығының көрсеткіштерінің бірі.

Бізді тарихи әндерден басқа қазақ тарихына жетік (А. Диваев, М. Көпеев, О. Шипин, Т. Титаков және т.б.) XIX және XX ғасырдың бірінші жартысында жазып қалдырған, басылып шығарылған және қолжазба түрінде орталық кітапханалардың қорларында сақталған тарихи әңгімелер де қызықтырады. Бұл әңгімелердегі ақпарат жазбаша түрнұсқаларда да дәлелденеді және өзінің сапалық мазмұны бойынша «жылнамалардан кем түспейді».

Бұл жағдайда мәтінде бейнеленген барлық тарихи оқиғаларды өмірде болған оқиғалар деп түсіну қажет. Тарихи әңгімелердің мазмұндамасы арқылы оқиғалардағы іс-әрекеттер біріктіріледі, басқаша айтқанда тарихи әңгіме бізге белгісіз оқиғалардың бірлестігін қамтиды. Немесе, тарихи әңгімелер оқиғалардың болуымен сипатталады.

Бұдан шығатын қорытынды: тарихи жырларда болған шындық сол қалпында емес, көркем түрде, эпикалық дәстүрге, шығарма авторының дүниетанымына бейімделе бейнеленеді. Сондықтан бір жырды тұтастай алып, "тарихи шындыққа сәйкес келеді" немесе "келмейді" деп айту әр қашан жаңсақтыққа ұрындырады. Соған қарамастан Жырды жеке сарындарға жіктеп, одан әрі бөлшектенетіні белгілі сол сарындарды бөлшектеуге келмейтін бірліктерге бөліп алып жасалған қорытынды ғана ақиқатқа жеткізеді.

Халықтың ұлттық ділі мен тарихы оның бай руханиятында сақталып келген. Фольклор мен ауыз әдебиеті атанған мәдени мұраларымыздың сан қырлылығы, мазмұндық байлығы, мағыналық маңызы осымен өлшенеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Бекмаханов Е. Қазақстан ХІХ ғасырдың 20–40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.
- 2 Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1961.
- 3 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы, 1985. – 62 б.
- 4 Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы, 1993. – С. 160.
- 5 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы, 1994. – 85 б.

6 Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана ХVІІІ века. – Алматы, 1988.

7 Марғұлан А. О характере и исторической обусловленности казахского эпоса // Известия Казахского филиала Академии наук СССР. Серия историческая. 1946. № 2.

Резюме

В данной статье освещаются вопросы происхождения и развития устной исторической традиции казахского народа, а также рассматриваются проблемы соотношения и соответствия текстов сказаний реальным историческим событиям.

Conclusion

In given article questions of an origin and development of oral historical tradition of the Kazakh people are taken up. And as problems of a parity and conformity of texts of legends to real historical events are considered.

ВОСПИТАНИЕ ПАТРИОТИЗМА У СТУДЕНТОВ ВУЗА

Богданова Т.В., Вейднер К.

Актуальность патриотического воспитания студентов в начале ХХІ века для страны в целом обусловлена значительными коренными изменениями, происшедшими в 90-е годы ХХ века, причем во всех сферах жизни и деятельности общества: экономической, политической, религиозной, правовой, образовательной и др.

Начало ХХІ века ознаменовалось позитивными тенденциями: ростом экономики, политической стабилизацией, осознанием большинством граждан необходимости нового объединения усилий для прогрессивного развития государства, укрепления его позиций в сфере международных отношений, наведения порядка внутри страны, улучшения финансовой и экономической обстановки, решения назревших социальных вопросов (пенсии, заработной платы, трудовых отношений и др.). Все отчетливее в сознании граждан проявляются патриотические идеи, обусловленные новым характером отношений, новыми целями и новым содержанием общественно значимой деятельности. В связи с этим возникла необходимость и в специально организованной деятельности в обозначенном направлении, причем на всех уровнях существования общества.

Для возрождения идеи патриотизма в условиях вуза имеются все возможности: со-

держание учебных курсов, формы внеучебной деятельности по различным дисциплинам (научные общества, научные студенческие кружки, конференции, олимпиады и др.), специально организованная внеучебная деятельность в обозначенном направлении. Большое значение идея патриотизма имеет и в развитии самой личности: формирует ее сознание, определяет повседневную деятельность, отражается на характере творческих отношений, способствует развитию сущностных сил.

Сущность понятия «патриотизм» к настоящему времени достаточно четко определена. Так, в словаре иностранных слов «патриотизм» в переводе с греческого (patris) означает родину, отечество; предполагает любовь к родине, преданность своему Отечеству и народу. Анализ различных научных позиций в рассмотрении категории патриотизма позволил установить, что его сущность определяют следующие, общие для всех точек зрения, признаки:

- глубокое чувство любви и верности своей Родине, народу;

- созидательный характер деятельности каждого человека на благо своей страны, народа, всей планеты и всего человечества;

- принцип жизни и деятельности каждого гражданина своего государства, планеты в целом;